



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2024 жылғы 1 ақпандағы № ДС-36

Құрметті депутаттар!

Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардағы техникалық қызметкерлерге, оның ішінде электриктерге, плотниктерге, еден жуушыларға, сантехниктерге, аула тазалаушыларға және басқаларға еңбекақы төлеу жүйесі бойынша мәселелерді қарастырып, мынаны хабарлаймын.

Үкімет бюджет саласы қызметкерлерінің жалақы деңгейін арттыру жөнінде дәйекті шаралар қабылдауда.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022-2025 жылдар кезеңінде азаматтық қызметшілердің, оның ішінде аталған жұмысшылардың жалақысы кезең-кезеңімен (жыл сайын орта есеппен 20%-ға) артып келеді. Нәтижесінде 4 жыл ішінде олардың жалақысы 2 есеге артады.

Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдарға жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік ұйымдар қызметкерлерінің жалақысын ұлғайту мүмкіндігі берілді.

Жалпы, қазіргі кезде Үкімет Дүниежүзілік банкпен бірлесіп халықаралық тәжірибені ескере отырып, жұмыстың ерекшелігіне қарай азаматтық қызметшілердің, бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуде.

Осыған байланысты аталған қызметкерлердің жалақысын арттыру, оларға сауықтыруға жәрдемақы төлеу, Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізіліміне жұмыс кәсіптерін қосу мәселелері азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс аяқталғаннан кейін кешенді түрде қаралатын болады.

Т. Дүйсенова